Бекітемін:	Келісемін:	Ә.Б отырысында қаралды
Мектеп директоры:	Оқу-ісі жөніндегі орынбасары	Ә.Б жетекшісі:
Сманов Е.К	Калиева Н. Д	Махамбетова Д. А
«31» 08 2023ж	«28» 08 2023ж	«28» 08 2023ж

Күнтізбелік – тақырыптық жоспары

Факультатив

«Елтану»

Сынып: 10 сынып

Мұғалімі: Елжасарова Аружан Серікқызы

2023-2024 оқу жылы

«Елтану» қолданбалы курсының бағдарламасы

Түсінік хат

Ұсынылып отырған қолданбалы курс 10 сыныпқа арналған «География: Дүние жүзіне аймақтық шолу» оқулығы материалдарының негізінде құрастырылған. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама оқушылардың географиядан алған білім-білік дағдыларын, танымдық қабілеттерін және пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен қатар тарихи-географиялық аймақтар мен жеке елдерге елтану бағытында сипаттама беріледі. Оқушылар әлемдік өзгерістер мен құбылыстардың кеңістікте көрініс табуын танып біледі. Адамзат өмір сүріп отырған әлем өзара тығыз байланысты, әрі өзара тәуелді. Біз бәріміз бір ғаламшарда қатарласа тіршілік етеміз, ал бұл ғаламшарды бөлшектеп танып-білу өте-мөте қиын. Міне, сондықтан бұл «Елтану» курсында мектеп оқулығына енбеген дүние жүзі елдеріне аймақтық шолу, адамзаттың ғаламдық проблемалары қамтылған. Кіріктірілген кешенді курстарды қалыптастыру, елтану материалдарын енгізу, мазмұнды ізгілендіру және әлеуметтендіру ұстанымдарын пайдалану, аймақтық және жергілікті материалдарды енгізу, оқушылардың біліктілігін көтеру, мектептегі география пәнінің ғылыми-теориялық жаңалықтарына жатады. Оқушылардың осы курс бойынша географияға қатысты ақпараттарды өз бетімен «тауып алуы» үшін оларды арнаулы және жалпы ғылыми жүйелілікке бағыттайды.Оқушылар мұғалімнің тапсырмасы мен талабын орындайтын орындаушы ғана емес, оқыту процесінің барлық кезеңінде белсенділік танытатын тұлға болуы тиіс. Аталған мақсатқа жету үшін оқыту процесінің барысында оқушының бақылау, салыстыру, жүйелеу, негізгі мен жалпыны айыра білу қабілеттерін біртіндеп, үздіксіз дамыту керек. Қолданбалы курс қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, дүние жүзі елдеріне аймақтық шолу, адамзаттың ғаламдық проблемалары туралы білімдерін молайтуға, ой-өрістерін дамытып, кеңейтуге, пәндік олимпиадаларға дайындалуға, практикалық жұмыстар арқылы өздігінен іздену дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бағдар алды оқытуға бейімдейді, пәнге қызығушылығын арттырады, болашақ мамандығына бағыт береді, Терендетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейі ескеріледі.

Білім құрылымындағы курстың орны: «Елтану» қолданбалы курс 10 сыныпқа арналған «География: Дүние жүзіне аймақтық шолу» пәнінің құрамды бөлігі.

Курстың мақсаты:

А)Оқушыларға дүние жүзі елдеріне аймақтық шолу, табиғатын, халқын,

шаруашылығын, олардың салт- дәстүрлерін, дінін, мәдениетін адамзаттың ғаламдық проблемаларын кеңірек оқытып үйрету;

Ә)Оқушылардыеңбеккебаулу,мамандыққабағдарлаужәне экономикалық тәрбие беру;

Б) Әдебиеттер мен қосымша көрнекіліктерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың жалпы қабілеттілігін дамыту.

Курстың міндеті:

- дүние жүзі аймақтарының саяси картасының қалыптасу кезеңдерін, жеке елдердің қазіргі геосаяси жағдайын талдау арқылы саяси географиялық білімнің негізін қалау:

- жеке аймақтар мен елдердегі табиғат ресурстарының таралуы мен пайдаланылуы мүмкіншіліктерін қарастыру арқылы географиялық – экологиялық мәдениетті меңгертуге үйрету;

- оқушылардың ұлттық шаруашылық ерекшеліктерімен таныстыру;
- оқушылардың даму деңгейі әртүрлі елдердің ерекшеліктері;

халықаралық қарым- қатынастар және экономикалық ынтымақтастық жайлы географиялық білімдерін дамыту;

- оқушылардың статистикалық, картографиялық деректерді, Интернет жүйесі ақпаратын өз бетімен өңдеуге үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- білімі мен білігі тереңдейді
- ғылыми жұмыстар орындауға икемділіктері қалыптасады;
- статистикалық деректерді интернет жүйесі ақпаратын өз бетімен өңдеуге үйренеді;
- география, экономика, мемлекеттік қызмет, туризм, саясаттану, халықаралық қатынастар сияқты мамандықтарды таңдаған оқушылар қосымша білім, бағыт- бағдар алады

Күнтізбелік- тақырыптық жоспар

«Елтану»

10 сынып

Оқу күніне сәйкес келетін мереке күндеріне байланысты бағдарламалық материалдық толық өтуін қамтамасыз ету мақсатында келесі тақырыптар бойынша сабақтарды біріктіру

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Тақырыптары	Сағат саны	Мерзімі
I	**Кіріспе**		
1	Дүние жүзінің аймақтары мен жеке елдері	1	05.09.2023ж
2	Дүние жүзінің шағын мемлекеттеріне шолу	1	12.09.2023ж
3	Практикалық жұмыс №1	1	19.09.2023ж
II	**Дүние жүзінің саяси картасы**		
4	Бельнюс елдері. Бельгия	1	26.09.2023ж
5	Люксембург	1	03.10.2023ж
6	Солтүстік Еуропа елдері. Финляндия	1	10.10.2023ж
7	Практикалық жұмыс №2	1	17.10.2023ж
8	Презентация (ғылыми ізденіс)	1	24.10.2023ж
III	**Еуропа елдері**		
9	Таяу және Орта шығыс елдері. Сирия	1	07.11.2023ж
10	Ливан	1	14.11.2023ж
11	Оңтүстік Азия елдері. Пәкістан	1	21.11.2023ж
12	Оңтүстік Шығыс Азия елдері. Филиппин	1	28.11.2023ж
13	Шығыс Азия елдері. Тайвань	1	05.12.2023ж
14	Орталық Азия елдері. Шанхай ынтымақтастық ұйымы	1	12.12.2023ж
15	Практикалық жұмыс №3	1	19.12.2023ж
16	Семинар сабақ	1	26.12.2023ж
IV	**Америка елдері**		
17	Орталық Америка елдері. Панама	1	09.01.2024ж
18	Гандурас. Сальвадор	1	16.01.2024ж

19	Оңтүстік Америка елдері. Эквадор	1	23.01.2024ж
20	Перу, Чили	1	30.01.2024ж
21	Практикалық жұмыс №4	1	06.02.2024ж
22	Презентация	1	13.02.2024ж
V	**Африка елдері**		
23	Оңтүстік Африка Республикасы	1	20.02.2024ж
24	Нигерия	1	27.02.2024ж
25	Египет	1	05.03.2024ж
26	Практикалық жұмыс №5	1	12.03.2024ж
VI	**Мұхит аралдары**		
27	Жалпы шолу	1	19.03.2024ж
28	Жаңа Зеландия	1	02.04.2024ж
29	Практикалық жұмыс №6	1	09.04.2024ж
VII	**Адамзаттың ғаламдық проблемалары**		
30	Дүние жүзінің экологиялық проблемалары	1	16.04.2024ж
31	Дүние жүзінің экологиялық проблемалары	1	23.04..2024ж
32	Дүние жүзінің экологиялық проблемалары Презентация жасау	1	30.04.2024ж
33	Әлемдік экономикалық бәсекелестік және Қазақстан	1	14.05.2024ж
34	Конференция (жоба)	1	21.05.2024ж
	Барлығы	34	